

«6D010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін жазылған Ибраева Магрипа Курманбековнаның «Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамыту» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне ғылыми кеңесшінің

## ПІКІРІ

Ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу проблемасы жаңа, көкейкесті.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мектепке дейінгі балаларды дамыту кезеңдерінде туғаннан 3 жасқа дейінгі балаларға республикада аз көңіл бөлініп отырғаны көрсетіліп, осы сатыда оларды шығармашылық және интеллектуалдық, қабілеттерін дамытуға арналған тиімді бағдарламалармен қамтамасыз ету қажеттігі айтылған. Өйткені туғаннан 3 жасқа дейінгі шақта баланың зияткерлік, эмоциялық және нығайып өсуі қабілеттерінің даму бағыттары анықталады. Олардың білім алуға, еңбекке және қоршаған ортаға бейімі, қарым-қатынасы нақ осы кезеңде қаланады. Олай болса, ерте жас баланы тәрбиелеу барысында ең маңызды және жауапты кезең саналады.

Отандық ғылыми зерттеулерде баланы ерте жастан дамыту проблемасына арналған еңбектердің жоқтығы (М.Лексина, Б.Баймұратова, Р.Каримованы қоспағанда), осы диссертацияның көкейкестілігінің тереңдігін дәлелдеп қана қоймай, докторанттың диссертацияны жазу жолында күрделі проблеманы, қиын бағытты таңдағанын көрсетеді.

Оған қоса Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» атты бағдарламалық мақаласында ұлттық сананың кемелденуінде қазақ халқының «ұлттық салт-дәстүрі, тілі мен музыкасы, әдебиеті, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухы мәңгі қалуға тиістілігінің» атап өтілгенін ескерсек, М.Ибраеваның ұсынылып отырған диссертациясының зерттеу өзектілігі мен маңыздылығы арта түседі. Олай дейтініміз, диссертацияда балалардың ұлттық санасының негізі қалануына ықпал ететін қазақ халық шығармашылығы қарастырылады.

Қазақ халық шығармашылығының айтуға жеңіл түрлері, ойынға құрылған үлгілері, балалардың қабылауына лайықты музыкалық және қолөнер туындыларының эмоционалдық-эстетикалық әсерлілігі ерте жастағы балалардың қабылдау, қиял, зейін, ес, ойлау психикалық құбылыстарына, сөйлеу коммуникативтік қарым-қатынасқа түсуіне, тілін дамытуға тез ықпал етіп, олардың танымдық белсенділігін арттырады.

Осы айтылғанның бәрі М.К.Ибраеваның зерттеу проблемасының көкейкестілігін анықтайды.

М.Ибраева *зерттеу барысында* философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге контент-талдау, модельдеу, теориялық негіздеу, ҚР білім беру саясатының нормативті-құқықтық құжаттарымен танысу; озық

тәжірибелерге талдау жасау; іс-әрекет нәтижелерін салыстырмалы талдау; сауалнама, тестілеу, диагностикалық әдістемелер, математикалық өңдеу әдістері мен тәсілдерін қолдану негізінде бірқатар ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

- «ерте жастан дамыту», «ерте жастағы баланың танымдық белсенділігі» ұғымдарының мәні нақтылаған;

- қазақ халық шығармашылығының ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытудағы мүмкіндіктерін анықтаған және педагогикалық жіктеме жасаған;

- ерте жастағы балалардың қазақ халық шығармашылығы құралдарымен танымдық белсенділігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасап, осы дамудың өлшемдерін, көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтаған;

Докторанттың ерте жастағы балалардың қазақ халық шығармашылығы құралдарымен танымдық белсенділігін дамытудың кешенді бағдарламасын жасауы мен оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеруі диссертациялық жұмысының практикалық маңыздылығын арттыра түседі. Ұсынылып отырған диссертацияның құрылымы мен мазмұны оның тараулары мен параграфтарының бір-бірімен тығыз логикалық байланыста, ішкі бірлікті сақтай баяндалғанын көрсетеді. Ал бұл болса, докторанттың диссертациялық жұмыс жазуға аса жауапкершілікпен қарағандығын дәлелдейді.

М.Ибраеваның жарық көрген еңбектері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің (әрі қарай Комитет) талаптарына сай келеді. Оның жарияланымдары Скопус мәліметтер базасына енетін нөлдік емес импакт-факторлы шетел басылымында, Комитет тізіміндегі журналдарда, шетелдегі, республикадағы халықаралық конференцияларда басылым көрген.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысын жүргізу барысында автор зерттеу проблемасының теориясы мен әдіснамасын жетік меңгергендігін көрсетті және белсенділік танытты. Ибраева Магрипа Курманбековна диссертациялық зерттеу жұмысын орындау барысында білімділігімен, біліктілігімен, зерттеушілік мәдениетімен және адами тұлғалық қасиеттерімен ерекшеленді.

Сонымен Ибраева Магрипа Курманбековнаның «Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамыту» тақырыбында жазылған диссертациясы дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар еңбек, диссертациялық жұмысты «6D010100 – Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады.

**Ғылыми кеңесшісі,  
педагогика ғылымдарының  
докторы, профессор**

